Sinoasia B&R	**КЛЮЧЕВОЙ ИНФОРМАЦИОННЫЙ ДОКУМЕНТ** **Программа «КАСКО Премиум» /** НЕГІЗГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЖАТ «КАСКО Премиум» бағдарламасы	Редакция: №1 / Редакция: №1

Ключевой информационный документ о страховом продукте – документ, содержащий в краткой и доступной форме основную информацию о страховом продукте, включая информацию об особенностях, условиях и рисках страхового продукта. Полные условия страхования, включая страховые риски, исключения, ограничения, права и обязанности сторон, определяются Договором страхования (далее – Договор) и Правилами страхования, являющимися его неотъемлемой частью в случаях, предусмотренных Договором./

Сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпараттық құжат – сақтандыру өнімінің ерекшеліктері, шарттары мен тәуекелдері туралы ақпаратты қоса алғанда, сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпаратты қысқа және қолжетімді нысанда қамтитын құжат. Сақтандырудың толық талаптары, оның ішінде сақтандыру тәуекелдері, алып тастаулар, шектеулер, Тараптардың құқықтары мен міндеттері Сақтандыру шартымен (бұдан әрі – Шарт) және Шартта көзделген жағдайларда оның ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандыру қағидаларымен айқындалады.

Страховщик / Сақтандырушы	АО «Страховая Компания «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (далее – Общество) / «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам)
Вид страхования / Сақтандыру түрі	Добровольное страхование автомобильного транспорта / Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру
Класс страхования / Сақтандыру сыныбы	Страхование автомобильного транспорта / Автомобиль көлігін сақтандыру
Правила страхования/ Сақтандыру қағидалары	Правила добровольного страхования автомобильных и прочих транспортных средств Утверждены решением Совета директоров, протокол № 5–2023 от 14.11.2023 г. / Автомобиль және өзге де көлік құралдарын ерікті сақтандыру қағидалары Директорлар кеңесінің 14.11.2023 ж. № 5–2023 хаттамасымен бекітілген
Общая информация о продукте / Өнім туралы жалпы ақпарат	Программа «КАСКО Премиум» – добровольное страхование автомобиля (ТС не старше 3 лет) для физических и юридических лиц; оформляется в офисах Страховщика и на сайте www.sinoasia.kz. Защищает при повреждении, полной гибели, угоне или хищении ТС. Ремонт по «Ущербу» – в дилерском центре без учета износа, без франшизы; дополнительно покрываются стекла и оптика (1 раз за срок), эвакуатор и такси с места ДТП. / «КАСКО Премиум» бағдарламасы – жеке және заңды тұлғаларға арналған автокөлікті (3 жастан аспаған КҚ) ерікті сақтандыру; Сақтандырушының кеңселерінде және www.sinoasia.kz сайтында ресімделеді. КҚ зақымданған, толық жойылған, айдап әкетілген немесе ұрланған кезде қорғайды. «Залал» бойынша жөндеу – дилерлік орталықта тозу ескерілмей, франшизасыз; қосымша әйнектер мен оптика (мерзім ішінде 1 рет), эвакуатор және ЖКО орнынан такси қамтылады.
Объект страхования / Сақтандыру объектісі	Имущественные интересы Страхователя (Застрахованного), связанные с владением, пользованием и распоряжением транспортным средством (ТС), указанным в Договоре, а также дополнительным оборудованием, если это оговорено в Договоре, – вследствие его повреждения или утраты (гибели) в период действия Договора. / Шартта көрсетілген көлік құралын (КҚ), сондай-ақ Шартта келісілген болса – қосымша жабдықты иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарттың қолданылу кезеңінде оның бүлінуі немесе жоғалуы (жойылуы) салдарынан туындайтын мүліктік мүдделері.
Страхователь / Сақтанушы	Физическое лицо, индивидуальный предприниматель или юридическое лицо – собственник ТС или лицо, владеющее ТС на ином законном основании (доверенность, договор аренды и т.п.), заключившее Договор со Страховщиком. / Жеке тұлға, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға – КҚ-ның меншік иесі не КҚ-ны өзге заңды негізде (сенімхат, жалдау шарты және т.б.) иеленетін, Сақтандырушымен Шарт жасасқан тұлға.
Основные требования к Страхователю / Сақтанушыға қойылатын негізгі талаптар:	
1) ТС не старше 3 лет: на ТС старше 3 лет страхование не распространяется. 2) Договор заключается на основании Анкеты-заявления. До заключения Договора обязателен предстраховой осмотр ТС (онлайн фото- и видеоосмотр). 3) Страховая премия уплачивается своевременно, единовременным платежом. 4) При заключении и в период действия Договора Страхователь письменно сообщает Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих значение для оценки страхового случая, и о других договорах страхования этого ТС по аналогичным рискам. 5) Водитель должен иметь при себе водительское удостоверение соответствующей категории, регистрационные документы на ТС, а при необходимости – доверенность, путевой лист или договор аренды. / 1) КҚ 3 жастан аспауы тиіс: 3 жастан асқан КҚ-ға сақтандыру қолданылмайды. 2) Шарт Өтініш-сауалнама негізінде жасалады. Шарт жасасқанға дейін КҚ-ны сақтандыру алдында қарап-тексеруден (онлайн фото- және бейнеқарау) өткізу міндетті. 3) Сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төлеммен уақтылы төленеді. 4) Шартты жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде Сақтанушы сақтандыру жағдайын бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, сондай-ақ осы КҚ-ға қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша басқа сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлайды.	

5) Жүргізушіде тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі, КҚ-ның тіркеу құжаттары, ал қажет болған жағдайда – сенімхат, жол парағы немесе жалдау шарты болуы тиіс.	
Застрахованный / Сақтандырылған	Для физического лица – лица, указанные в качестве застрахованных по договору обязательного страхования ГПО владельцев ТС, действующему на дату страхового случая. Для юридического лица – лица, имеющие право управления ТС на основании доверенности или путевого листа. / Жеке тұлға үшін – сақтандыру жағдайы басталған күні қолданыста болатын КҚ иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған ретінде көрсетілген тұлғалар. Заңды тұлға үшін – сенімхат немесе жол парағы негізінде КҚ-ны басқару құқығы бар тұлғалар.
Выгодоприобретатель / Пайда алушы	По страховому случаю «Ущерб» – дилерский центр (выплата на его счет). По страховым случаям «Гибель, Угон или Хищение» – Страхователь. / «Залал» сақтандыру жағдайы бойынша – дилерлік орталық (төлем оның шотына). «Толық жойылу, Айдап әкету немесе Ұрлау» сақтандыру жағдайлары бойынша – Сақтанушы.
Страховые риски и страховые случаи / Сақтандыру тәуекелдері және сақтандыру жағдайлары	А) «Ущерб» – повреждение или уничтожение ТС (и застрахованного дополнительного оборудования) в результате: – ДТП: столкновение с другим ТС, наезд на движущиеся или неподвижные предметы (сооружения, препятствия, птиц, животных и т.п.), опрокидывание, затопление; – противоправных действий третьих лиц: разбой, грабеж, умышленное и неумышленное уничтожение или повреждение ТС; – стихийных бедствий: буря, шторм, ураган, град, удар молнии, землетрясение, сель, обвал, оползень, паводок, наводнение, затопление, оседание грунта; – иных непредвиденных событий: падение инородных предметов, пожар, взрыв, провал под лёд (при наличии разрешения уполномоченных органов на движение по льду), повреждение водопроводной, отопительной или канализационной системой, падение с моста. – повреждения стекол, оптики ТС без повреждения иных частей ТС, повреждения ТС камнями из-под колес и частями багажа впереди идущего ТС, а также кража легкосъемных деталей (наружные зеркала, запасное колесо снаружи, эмблемы, стеклоочистители, антенны) – только 1 (один) раз в течение срока действия Договора. Б) «Угон или хищение» – неправомерное завладение ТС (угон), кража ТС. / А) «Залал» – КҚ-ның (және сақтандырылған қосымша жабдықтың) мына оқиғалар нәтижесінде бүлінуі немесе жойылуы: – ЖКО: басқа КҚ-мен соқтығысу, қозғалатын немесе қозғалмайтын заттарға (құрылыстарға, кедергілерге, құстарға, жануарларға және т.б.) соғылу, аударылу, су басу; – үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері: қарақшылық, тонау, КҚ-ны қасақана және абайсызда жою немесе бүлдіру; – табиғи апаттар: боран, дауыл, құйын, бұршақ, найзағай түсуі, жер сілкінісі, сел, опырылу, көшкін, су тасу, су тасқыны, су басу, топырақтың шөгуі; – өзге де күтпеген оқиғалар: бөгде заттардың құлауы, өрт, жарылыс, мұз астына түсу (мұз үстімен жүруге уәкілетті органдардың рұқсаты болған кезде), су құбыры, жылыту немесе кәріз жүйесінің зақымдануы, көпірден құлау. – КҚ-ның басқа бөліктерін зақымдамай әйнектерінің, оптикасының зақымдануы, алдағы КҚ дөңгелектері астынан ұшқан тастардан және оның жүк бөліктерінен КҚ-ның зақымдануы, сондай-ақ оңай алынатын бөлшектердің (сыртқы айналар, сырттағы қосалқы дөңгелек, эмблемалар, әйнек тазалағыштар, антенналар) ұрлануы – Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тек 1 (бір) рет. Б) «Айдап әкету немесе ұрлау» – КҚ-ны заңсыз иелену (айдап әкету), КҚ-ны ұрлау.
Сроки страхования / Сақтандыру мерзімі	12 месяцев. Даты начала и окончания указываются в Договоре (включительно, по времени г. Алматы). Если на дату начала действия Договора страховая премия не уплачена, страховая защита начинается со дня, следующего за днем уплаты премии (днем уплаты считается день поступления денег на банковский счет или в кассу Страховщика). / 12 ай. Басталу және аяқталу күндері Шартта көрсетіледі (қоса алғанда, Алматы қ. уақыты бойынша). Шарттың қолданылу басталған күні сақтандыру сыйлықақысы төленбесе, сақтандыру қорғауы сыйлықақы төленген күннен кейінгі күннен басталады (ақша Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына түскен күн төлеу күні болып есептеледі).
Страховая сумма (лимит ответственности) / Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті)	Страховая сумма – действительная (рыночная) стоимость ТС, но не более 50 млн тенге. Страховая выплата не может превышать страховую сумму. Страховая защита действует до исчерпания страховой суммы, установленной Договором. Несколько убытков, наступивших по одной причине, считаются одним страховым случаем. / Сақтандыру сомасы – КҚ-ның нақты (нарықтық) құны, бірақ 50 млн теңгеден аспайды. Сақтандыру төлемі сақтандыру сомасынан аспайды. Сақтандыру қорғауы Шартта белгіленген сақтандыру сомасы таусылғанға дейін қолданылады. Бір себеппен болған бірнеше шығын бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.

Порядок оплаты страховой премии/ Сақтандыру сыйлықақысын төлем тәртібі	Размер страховой премии указывается в Договоре. Страховая премия уплачивается Страхователем единовременным платежом. / Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шартта көрсетіледі. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы төлеммен төлейді.
Франшиза / Шегерім	Безусловная франшиза – часть ущерба, которая не возмещается и вычитается из страховой выплаты. / Шартсыз шегерім (франшиза) – өтелмейтін және сақтандыру төлемінен шегерілетін залалдың бір бөлігі.
Территория страхования / Сақтандыру аумағы	Республика Казахстан / Қазақстан Республикасы
Особые условия страхования / Сақтандырудың ерекше шарттары	1) Выплата по «Ущербу» – на счет дилерского центра по выбору Страхователя, без учета амортизационного износа ТС. Страховщик проверяет дефектный акт дилера; при несогласии со сметой направляет протокол разногласий и альтернативное предложение по ремонту. С согласия Страхователя и Выгодоприобретателя выплата может быть заменена ремонтом (натуральной формой). 2) Повреждение стекол/оптики и кража легкосъемных деталей возмещаются только 1 (один) раз в течение срока действия Договора. 3) Дополнительные услуги: эвакуатор к месту происшествия за пределами города в радиусе до 60 км; такси с места ДТП до указанного адреса. 4) Полная гибель – ремонт нецелесообразен по заключению независимого эксперта или стоит более 70% действительной стоимости ТС на дату случая. Выплата – в размере страховой суммы за вычетом франшизы: при передаче годных остатков Страховщику либо за вычетом их стоимости; ТС должно быть снято с учета. При угоне или хищении – в размере страховой суммы за вычетом франшизы, с отказом Страхователя от прав на ТС в пользу Страховщика. 5) Если действительная стоимость ТС на дату страхового случая меньше, чем на дату заключения Договора, выплата производится в размере действительной стоимости на дату случая с перерасчетом и возвратом излишне уплаченной премии. 6) Выплата составляет 50% от суммы ущерба, если ночью ТС не находилось на охраняемой стоянке или в запираемом гараже либо была отключена сигнализация (когда ТС не использовалось), а также если по вине Страхователя в салоне оставлены техпаспорт (свидетельство о регистрации), путевые листы или ключи. 7) Обязательное прохождение предстрахового осмотра ТС. / 1) «Залал» бойынша төлем – Сақтанушының таңдауы бойынша дилерлік орталықтың шотына, КҚ-ның амортизациялық тозуы ескерілмей. Сақтандырушы дилердің ақаулар актісін тексереді; сметамен келіспеген жағдайда келіспеушіліктер хаттамасын және жөндеу бойынша балама ұсынысты жібереді. Сақтанушы мен Пайда алушының келісімімен төлем жөндеумен (заттай нысанмен) ауыстырылуы мүмкін. 2) Әйнектердің/оптиканың зақымдануы және оңай алынатын бөлшектердің ұрлануы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тек 1 (бір) рет өтеледі. 3) Қосымша қызметтер: қала шегінен тыс 60 км дейінгі радиуста оқиға орнына эвакуатор; ЖКО орнынан көрсетілген мекенжайға дейін такси. 4) Толық жойылу – тәуелсіз сарапшының қорытындысы бойынша жөндеу орынсыз немесе оның құны сақтандыру жағдайы күнгі КҚ нақты құнының 70%-ынан асады. Төлем – франшиза шегеріліп, сақтандыру сомасы мөлшерінде: жарамды қалдықтар Сақтандырушыға берілген жағдайда не олардың құны шегеріліп; КҚ есептен шығарылуы тиіс. Айдап әкету немесе ұрлау кезінде – Сақтанушы КҚ-ға құқықтарынан Сақтандырушының пайдасына бас тарта отырып, франшиза шегеріліп, сақтандыру сомасы мөлшерінде. 5) Егер сақтандыру жағдайы күнгі КҚ-ның нақты құны Шарт жасалған күнгіден аз болса, төлем сақтандыру жағдайы күнгі нақты құн мөлшерінде жүргізіледі, артық төленген сыйлықақы қайта есептеліп қайтарылады. 6) Егер түнгі уақытта КҚ күзетілетін тұрақта немесе құлыпталатын гаражда болмаса не (КҚ пайдаланылмаған кезде) сигнализация өшірілген болса, сондай-ақ Сақтанушының кінәсінен салонда техпаспорт (тіркеу туралы куәлік), жол парақтары немесе кілттер қалдырылса, төлем залал сомасының 50%-ын құрайды. 7) КҚ-ны сақтандыру алдында қарап-тексеруден өткізу міндетті.
Основные исключения и ограничения страхования / Сақтандырудың негізгі ерекшеліктері мен шектеулері:	
Использование ТС без согласования со Страховщиком: передача третьим лицам (прокат, аренда, такси и т.п.), обучение вождению, тренировочные заезды, испытания и пробные пробеги с экстремальным вождением, спортивные соревнования. Убытки электромобилей вследствие короткого замыкания; замена батареи электромобиля независимо от причины выхода из строя. Затраты на снятие ТС с учета при передаче его Страховщику. Страховщик вправе полностью или частично отказать в выплате в случаях, предусмотренных статьей 839 Гражданского кодекса Республики Казахстан, в том числе при сообщении неточных сведений или сокрытии обстоятельств, существенных для оценки риска. Полный перечень исключений и ограничений установлен Правилами страхования. / КҚ-ны Сақтандырушымен келіспей пайдалану: үшінші тұлғаларға беру (прокат, жалға беру, такси және т.б.), жүргізуге үйрету, жаттығу жарыстары, экстремалды жүргізумен сынақтар мен сынамалы жүрістер, спорттық жарыстар. Қысқа тұйықталу салдарынан электромобильдерге келтірілген шығындар; істен шығу себебіне қарамастан электромобиль батареясын ауыстыру. КҚ-ны Сақтандырушыға беру кезінде оны есептен шығару шығындары.	

Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 839-бабында көзделген жағдайларда, оның ішінде тәуекелді бағалау үшін елеулі мән-жайлар туралы нақты емес мәліметтер берілген немесе олар жасырылған кезде, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
Ерекшеліктер мен шектеулердің толық тізбесі Сақтандыру қағидаларымен белгіленген.

Действия Страхователя при наступлении страхового случая / Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері:

Незамедлительно сообщить Страховщику о страховом случае по номеру call-центра 2040.
Вызвать сотрудников уполномоченного органа, если причинен вред имуществу или здоровью третьих лиц; в остальных случаях вызов не обязателен.
Произвести фото- и видеосъемку места происшествия; в кадре – поврежденное ТС с государственным номером и VIN-кодом.
В течение 3 (трех) рабочих дней с момента страхового случая подать заявление в письменной/электронной форме.
Представить документы согласно перечню Правил страхования. /
Сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға 2040 call-орталығы нөмірі бойынша дереу хабарлау.
Үшінші тұлғалардың мүлкіне немесе денсаулығына зиян келтірілсе, уәкілетті органның қызметкерлерін шақыру; басқа жағдайларда шақыру міндетті емес.
Оқиға орнын фото- және бейнетүсірілімге түсіру; кадрда – мемлекеттік нөмірі мен VIN-коды көрінетін зақымдалған КҚ.
Сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша/электрондық нысанда өтініш беру.
Сақтандыру қағидаларының тізбесіне сәйкес құжаттарды ұсыну.

Порядок страховой выплаты / Сақтандыру төлемінің тәртібі:

Решение о выплате или мотивированный письменный отказ – после представления всех документов: по «Ущербу» – в течение 10 (десяти) рабочих дней; по «Угону или хищению» – в течение 30 (тридцати) рабочих дней.
Срок принятия решения может быть продлен до 15 (пятнадцати) рабочих дней с уведомлением Страхователя/Выгодоприобретателя, если нужна информация уполномоченных органов и/или выяснение обстоятельств страхового случая.
Если документов не хватает, Страховщик письменно сообщает об этом не позднее 3 (трех) рабочих дней с даты получения последнего документа.
Выгодоприобретатель вправе предъявить требование о выплате непосредственно Страховщику. /
Төлем туралы шешім немесе дәлелді жазбаша бас тарту – барлық құжаттар ұсынылғаннан кейін: «Залал» бойынша – 10 (он) жұмыс күні ішінде; «Айдап әкету немесе ұрлау» бойынша – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде.
Уәкілетті органдардың ақпараты және/немесе сақтандыру жағдайының мән-жайларын анықтау қажет болса, шешім қабылдау мерзімі Сақтанушыны/Пайда алушыны хабардар ете отырып 15 (он бес) жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.
Құжаттар жетіспесе, Сақтандырушы бұл туралы соңғы құжат алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлайды.
Пайда алушы сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтандырушыға тікелей қоюға құқылы.

Условия внесения изменений и прекращения Договора / Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу және тоқтату шарттары:

Изменения вносятся по соглашению Сторон дополнительным соглашением в письменной/электронной форме. Договор прекращается досрочно: по решению суда о признании его недействительным; после выплаты в размере полной страховой суммы; в иных случаях п. 1 ст. 841 Гражданского кодекса Республики Казахстан.
При досрочном прекращении по основаниям п. 1 ст. 841 ГК РК Страховщик возвращает часть премии за оставшиеся дни действия Договора за вычетом 10% оплаченной премии (расходы на ведение дела); день обращения считается использованным.
При отказе Страхователя от Договора по иным основаниям, а также если по Договору была страховая выплата, премия не возвращается. /
Өзгерістер Тараптардың келісімі бойынша жазбаша/электрондық нысандағы қосымша келісіммен енгізіледі. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылады: сот оны жарамсыз деп таныған кезде; толық сақтандыру сомасы мөлшерінде төлем жүргізілгеннен кейін; Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген өзге де жағдайларда.
ҚР АК 841-бабының 1-тармағы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Шарттың қалған күндері үшін сыйлықақының бір бөлігін төленген сыйлықақының 10%-ын (іс жүргізу шығыстары) шегеріп қайтарады; жүгінген күн пайдаланылған болып есептеледі.
Сақтанушы Шарттан өзге негіздер бойынша бас тартқанда, сондай-ақ Шарт бойынша сақтандыру төлемі жүргізілген болса, сыйлықақы қайтарылмайды.

Порядок подачи обращения/жалобы и урегулирования спорных вопросов / Өтініш/шағым беру және даулы мәселелерді реттеу тәртібі

Обращения и жалобы

По вопросам заключения и исполнения Договора страхования Страхователь вправе обратиться к Страховщику с обращением или жалобой. Контактные данные: адрес / мекенжайы: Республика Казахстан / Қазақстан Республикасы, A25X3D8, г. Алматы / Алматы қ., ул. Карасай батыра / Қарасай батыр көшесі, 34/95; ул. Радлова / Радлов көшесі, 71/1
тел.: +7 (727) 339-20-41, +7 (727) 339-20-42, call-центр 2040, сайт: www.sinoasia.kz
Споры между Страховщиком и Страхователем решаются путем переговоров. Если достичь согласия не удалось, спор разрешается в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан./

Өтініштер мен шағымдар

Сақтандыру шартын жасасу және орындау мәселелері бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға өтінішпен немесе шағыммен жүгінуге құқылы. Байланыс деректері жоғарыда көрсетілген.
Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаса, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Важная информация
Информация, содержащаяся в настоящем КИД, предназначена для ознакомления Страхователя с основными условиями страхования. Ознакомление Страхователя с КИД, Правилами страхования и иными документами, предоставляемыми при заключении Договора, подтверждается подписью Страхователя, а при заключении Договора страхования в электронной форме – электронным подтверждением, позволяющим идентифицировать Страхователя и зафиксировать дату и время ознакомления.
При дистанционном заключении Договора страхования через интернет-ресурс, мобильное приложение или личный кабинет Страхователю предоставляется информация в объеме, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и условиями страхования./
Маңызды ақпарат
Осы НАҚ-та қамтылған ақпарат Сақтанушыны сақтандырудың негізгі талаптарымен таныстыруға арналған.
Сақтанушының НАҚ-пен, Сақтандыру ережелерімен және Сақтандыру шарт жасасу кезінде ұсынылатын өзге де құжаттармен танысқаны Сақтанушының қолымен, ал Сақтандыру шарт электрондық нысанда жасалған кезде – Сақтанушыны сәйкестендіруге және танысу күні мен уақытын тіркеуге мүмкіндік беретін электрондық растаумен расталады.
Сақтандыру шарт интернет-ресурс, мобильді қосымша немесе жеке кабинет арқылы қашықтан жасалған кезде Сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру талаптарында көзделген көлемде ақпарат беріледі.
Сақтанушымен оның жеке қатысуынсыз Сақтандырушының интернет-ресурсы, мобильді қосымшасы, жеке кабинеті арқылы өзара іс-қимыл жасау кезінде ақпарат Сақтанушымен жеке өзара іс-қимыл жасауға салыстырмалы көлемде және форматта ашып көрсетіледі.

ЭЛЕКТРОННОЕ ПОДТВЕРЖДЕНИЕ ОЗНАКОМЛЕНИЯ / ТАНЫСУДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РАСТАУ

Страхователь подтверждает, что до заключения Договора страхования ознакомился с настоящим КИД и Правилами страхования, а также получил информацию об основных условиях, особенностях, ограничениях и рисках страхового продукта. Подтверждение дается Страхователем электронной отметкой в информационной системе Страховщика. Идентификация Страхователя, дата и время ознакомления регистрируются информационной системой Страховщика. /
Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасқанға дейін осы НАҚ-пен және Сақтандыру қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ сақтандыру өнімінің негізгі талаптары, ерекшеліктері, шектеулері мен тәуекелдері туралы ақпарат алғанын растайды. Растауды Сақтанушы Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде электрондық белгі арқылы береді. Сақтанушыны сәйкестендіру, танысу күні мен уақыты Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде тіркеледі.